



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС**

**«СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС» ЖӘНЕ
«ӨНЕР» (СӘН, ДИЗАЙН) КАДРЛАРЫН
ДАЯРЛАУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ОҚУ-
ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Бекітемін

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ»
ЖШС Ректоры**

М.Б. Имандосова

2024 жыл



**«СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС» ЖӘНЕ «ӨНЕР» (СӘН, ДИЗАЙН)
КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ОҚУ-
ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Алматы қ.



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**

2 - 14

МАЗМҰНЫ

бөлім №	Бөлімнің атауы
1.	Жалпы ережелер
2.	ОӘБ құрылымы
3.	ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары
4.	ОӘК қызметінің негізгі бағыттары
5.	Қызметті регламенттеу
	1-қосымша
6.	Өзгерістерді тіркеу парағы
7.	Танысу парағы



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**

3 - 14

1. Жалпы ережелер

1.1. «Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік (бұдан әрі – ОӘБ) «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС (бұдан әрі – ХБК) базасында «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ м.а 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығының (08.08.2024 ж. өзгертулермен) негізінде құрылды.

1.2. ОӘБ республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің (бұдан әрі – ОӘБ) консультативтік-атқарушы органы болып табылады.

1.3. ОӘБ негізгі міндеттері:

1) әлемдік білім беру кеңістігінде оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысу;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын және ғылым мен жоғары білім беру саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ), жұмыс берушілер қауымдастықтарының және өзге де мүдделі органдардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету және мазмұнын жетілдіру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл алаңын құру.

1.4. ОӘБ заңды тұлға болып табылмайды, оның қызметі осы Ережемен және Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ережемен (ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 8 тамыздағы №400 бұйрығына 3-қосымша).

2. ОӘБ құрылымы

2.1. ОӘБ-ті Төраға басқарады. ХБК ректоры ОӘБ төрағасы болып табылады.

2.2. ОӘБ төрағасының орынбасары ХБК проректоры болып табылады.

2.3. ОӘБ құрамына «Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын барлық ЖЖОКБҰ өкілдері, олардың басшыларының ұсынысы негізінде кадрлар даярлауды жетілдіруге мүдделі жұмыс берушілердің, жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдері кіреді. ОӘБ құрамы жыл сайын ЖЖОКБҰ-дан



және жұмыс берушілерден тиісті оқу жылына ұсынылған мәліметтер негізінде бекітіледі.

2.4. Өз қызметін жүзеге асыру үшін ОӘБ-де «Сәулет», «Дизайн», «Құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды салу және өндіру» және «Геодезия және картография, жерге орналастыру және кадастр» бағыттары бойынша оқу-әдістемелік секциялар (ОӘС) құрылды.

2.5. ОӘК төрағалары ХБК тиісті білім беру бағдарламаларының жетекші оқытушыларын тағайындайды.

2.6. ОӘБ-нің ағымдағы ұйымдастыру жұмысын, құжаттамасын және іс қағаздарын жүргізуді ОӘБ хатшысы жүзеге асырады.

3. ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары

3.1. ОӘБ қызметінің бағыттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында ЖЖОКБҰ, жұмыс берушілер қауымдастықтары мен өзге де мүдделі органдар өкілдерінің өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын жетілдіру жөнінде ұсынымдар дайындау;

3) салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу;

4) ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту жөнінде ұсынымдар дайындау;

6) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

7) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысу;

8) ЖЖОКБҰ профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

9) ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) іске асырудың пайдалану параметрлерін ескере отырып, ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізу (кадрлық, әдістемелік,



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**

5 - 14

материалдық-техникалық қамтамасыз ету), білім беру бағдарламаларын тізілімнен қосу немесе алып тастау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

11) ОӘБ бағыттары бойынша РОӘБ грифімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыру;

12) РОӘБ грифін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама, рецензия жүргізу;

13) ЖЖОКБҰ-ның оқу процесінде оларды жариялау және пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін жаппай онлайн ашық курстарға сараптама жүргізу;

14) ұлттық бірыңғай тестілеудің, талапкерлерді кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін айқындау жөнінде ұсынымдар қалыптастыру;

15) Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ-да инклюзивті ортаны қалыптастыру жөнінде ұсынымдар дайындау;

16) білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізу және жалпылау;

17) оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер, вебинарлар, шеберлік сағаттары, конференциялар өткізу;

4. ОӘБ қызметінің негізгі бағыттары

4.1. ОӘБ қызметінің бағыттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышының, кәсіптік стандарттардың және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын қарау және оларға сараптама жасау;

2) білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды оқу-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету: оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу;

3) білім беруді, ғылым мен өндірісті интеграциялау, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және ұсынымдар дайындау;

4) оқу процесін жетілдіру және озық тәжірибені тарату, қазіргі заманғы білім беру технологияларын, білім беру және бағалау әдістерін енгізу, оқу процесін ақпараттандыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

5) ОӘБ сараптамалық және өзге де жұмыс топтарының басшылары мен құрамын айқындау бойынша ОӘБ төрағасына ұсыныстар енгізу;

6) түсу емтихандарының, ұлттық бірыңғай тестілеудің, кешенді тестілеудің бейіндік пәндерінің тізбесін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды негіздеу;



7) ЖЖОКБҰ профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу;

8) сараптамалық және өзге де жұмыс топтарының жұмысын үйлестіру, жұмыс нәтижелерін ОӘБ төрағасына ұсыну;

9) өзінің білім беру бағдарламалары бойынша оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды басып шығаруға сұранысты зерделеу, РОӘБ грифін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама, рецензия жүргізу, оларды басып шығару бойынша ұсынымдар дайындау;

10) өз бағыттары бойынша үздік бітіруші біліктілік жұмыстарына, магистрлік диссертацияларға конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

11) ОӘБ құзыретіне кіретін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін жетілдіру мәселелеріне байланысты өзге де функцияларды қамтиды.

5. Қызметті реттеу

5.1. ОӘБ қызметін Төраға басқарады.

5.2. ОӘБ жылына кемінде 2 рет отырыстар өткізеді, оның ішінде ХБК базасында бітіру жұмыстарының байқау-конкурсын өткізумен бір рет.

5.3. ОӘБ отырысын ОӘБ төрағасы, ал ол болмаған кезде ОӘБ төрағасының орынбасары өткізеді.

5.4. ОӘБ хатшысы отырыстар өткізуді ұйымдастырады, ОӘБ мүшелері үшін ақпараттық-технологиялық алаңды, оның ішінде ОӘБ мүшелері мен ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган арасындағы өзара іс-қимылды қолдауды қамтамасыз етеді.

5.5. ОӘБ мүшелері:

1) ОӘБ отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) ОӘБ шешімдерін қабылдауға қатысады.

5.6. Жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін ОӘБ кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ-дан ақпараттық және өзге де материалдарды сұрайды және алады, ЖЖОКБҰ-ның оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметін жетілдіру бойынша, сондай-ақ ОӘБ құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша зерделеу және ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады.

5.7. ОӘБ құрамына кіретін ЖЖОКБҰ ОӘБ ұсынымдары мен хаттамалық шешімдерін іске асыруға қабылдайды, міндетті түрде ОӘБ қызметі шеңберінде төрағадан келіп түсетін барлық сауалға жауап береді.



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**

7 - 14

5.8. ОӘБ өз қызметін оның мүшелерінің теңдігі және қабылданған шешімдердің жариялылығы қағидаттарына негіздейді. ОӘБ шешімдері отырыста құрамның үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.9. ОӘБ отырыстары және ол қабылдайтын шешімдер хаттамамен ресімделеді. ОӘБ отырыстарының хаттамаларына ОӘБ төрағалық етушісі және хатшысы қол қояды. ОӘБ шешімінің көшірмесі ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға және ОӘБ құрамына кіретін ЖЖОКБҰ-ға жіберіледі.

5.10. Отырыстардың хаттамалары және ОӘБ қызметіне қатысты өзге де материалдар ХБК ресми сайтында орналастырылады.

5.11. ОӘБ 1-қосымшаға сәйкес КРІ көрсете отырып, ОӘБ қызметінің бағыттарына сәйкес оқу жылы үшін есеп дайындайды. Есеп ЖБДҰО-ға жыл сайын 1 қазаннан кешіктірілмей жіберіледі. ОӘБ төрағасы РОӘК отырысында есеп береді.

ЕНГІЗІЛДІ:

ОӘО басшысы

А.С. Махметова
02 09 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Провост

Б.А.Сабденалиев
02 09 2024 ж.

АСД директоры

Н.А.Кайдарова
02 09 2024 ж.

ЗК бастығы

И.С.Баймұқашев
02 09 2024 ж.

Сапа жөніндегі менеджер

И.З.Денакова
02 09 2024 ж.

Кеңсе басшысы

Р.У.Байталипова
02 09 2024 ж.

	«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС «Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже
	8 - 14

1-қосымша

202_-202_ оқу жылы

Халықаралық білім беру корпорациясының базасында ОӘБ кадрларын
даярлаудың жетекшілік ететін бағыты бойынша есеп

ОӘБ қызметінің бағыттары бойынша жүргізілген жұмыс:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында ЖЖОКБҰ, жұмыс берушілер қауымдастықтары және өзге де мүдделі органдар өкілдерінің өзара іс-қимылын жүзеге асыру.

(орындалған жұмыс...)

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау.

(орындалған жұмыс...)

3. Салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіби стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу.

(орындалған жұмыс...)

4. Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

(орындалған жұмыс...)

5. Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсынымдар дайындау.

(орындалған жұмыс...)

6. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

(орындалған жұмыс...)



7. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысу.

(орындалған жұмыс...)

8. ЖЖОКБҰ профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысу.

(орындалған жұмыс...)

9. Ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

(орындалған жұмыс...)

10. Іске асырудың пайдалану параметрлерін ескере отырып, ЖЖОКБҰ ББ мониторингін жүргізу (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету), ББ-ны тізілімге қосу немесе алып тастау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

(орындалған жұмыс...)

11. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК грифімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыру.

(орындалған жұмыс...)

12. РОӘК грифін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама, рецензия жүргізу.

(орындалған жұмыс...)

13. ЖЖОКБҰ оқу процесінде оларды жариялау және пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін жаппай онлайн ашық курстарға сараптама жүргізу.

(орындалған жұмыс...)

14. ҰБТ-ның бейіндік пәндерін, талапкерлердің КТ-сын анықтау бойынша ұсынымдар қалыптастыру.

(орындалған жұмыс...)

15. Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ-да инклюзивті ортаны қалыптастыру бойынша ұсынымдар дайындау.

(орындалған жұмыс...)



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**

10 - 14

16. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізу және жалпылау.

(орындалған жұмыс...)

17. Оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер, вебинарлар, шеберлік сағаттарын, конференциялар өткізу.

(орындалған жұмыс...)

Қорытынды

Тұжырымдар мен ұсыныстар

	«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС «Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже
	11 - 14

Оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері (KPI)

ЖЖОКБҰ атауы *Халықаралық білім беру корпорациясы*

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша *ОӘБ 073 Сәулет және құрылыс, 021 Өнер (Сән, дизайн)*


№	Нәтиже көрсеткіштері	Жоғары балл	ЖЖОКБҰ балы
1	ОӘБ жұмыс жоспарын бекіту	5	
2	ОӘБ сапалы құрамы:		
	ЖЖОКБҰ өкілдері	1	
	жұмыс берушілер	1	
	үкіметтік емес ұйымдар	1	
	кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары мен бейіндері бойынша шетелдік әріптестер	2	
3	Стейкхолдерлер мен шетелдік әріптестерді тарта отырып, ОӘБ отырыстарын өткізу:		
	бекітілген жоспарға сәйкес	1	
	ОӘБ кеңейтілген отырысы	1	
	ОӘБ отырыстары тақырыптарының өзектілігі	1	
	шетелдік серіктестерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)	2	
	ірі компанияларды, бизнес-қауымдастықтарды және т.б. стейкхолдерлерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)	2	
4	Кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына байланысты экономикалық қызмет түрлері бойынша салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысу:		
	3 құжаттан аз	3	
	3-4 құжаттан	4	
	5 және одан да көп құжат	5	
5	ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы НҚА мен өзге де құжаттарды әзірлеуге және сараптауға ОӘБ қатысу:		
	3 құжаттан аз	3	
	3-4 құжаттан	4	
	5 және одан да көп құжат	5	
6	Білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу, жетілдіру және талдау бойынша ұсынымдар әзірлеуге қатысу		
	10 ББ-дан аз	5	
	11-20 ББ	7	
	21 және одан көп ББ	9	
7	Кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу		
	барлық ЖЖОКБҰ бойынша	15	



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
«Сәулет және құрылыс» және «Өнер» (Сән, дизайн) кадрларын
даярлау бағыттары бойынша
Оқу-әдістемелік бірлестік туралы ереже**


12 - 14

	бірнеше ЖЖОКБҰ бойынша	5	
8	ОӘБ-ның қабылданатын хаттамалық шешімдерінің тиімділігі және оларды ЖЖОКБҰ-ның білім беру процесіне-ОӘБ мүшелеріне имплементациялау:		
	барлық хаттама бойынша ЖЖОКБҰ жауабының болуы	5	
	барлық хаттама бойынша бірнеше ЖЖОКБҰ жауаптарының болуы	3	
9	Кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу:		
	2 іс-шарадан артық емес	5	
	3-4 іс-шара	10	
	5 және одан да көп іс-шара	15	
10	Кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша ОӘБ қарауына келіп түскен оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу (сараптамалар саны):		
	5-тен аз сараптама	5	
	6-10 сараптама	10	
	10-15 сараптама	15	
	16 және одан да көп сараптама	20	
11	Кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша (бейіні бойынша) білім беру процесіне халықаралық жобалардың, ғылыми қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін енгізу		
	1 енгізу актісі	5	
	2-4 енгізу актісі	10	
	5 және одан да көп акті	15	
12	Жетекшілік ететін мәселелер бойынша, жаңа білім беру бағдарламалары мен инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ мониторингі		
	барлық ЖЖОКБҰ бойынша	20	
	бірнеше ЖЖОКБҰ бойынша	5	
13	Оқу жылындағы жұмыс жоспарын орындау бойынша ОӘБ есебінің толықтығы растайтын материалдармен:		
	ҚР ЖБДҰО-ға есепті уақытылы ұсыну	5	
	ЖЖОКБҰ базалық сайтында есепке сілтеменің болуы	5	
	есептің құрылымы кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің және Оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ереженің 21-тармағына сәйкес келеді	5	
	есепте өткізілген іс-шараларға сілтемелердің болуы	5	



6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

[illegible]